



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№27 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2010 жылғы 8 желтоқсан**

**Қаржы нарығындағы ахуал туралы**

**1. Инфляция**

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2010 жылғы қарашада инфляция 0,8% (2009 жылғы қарашада – 0,5%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 1,2% (0,2%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,6% (0,8%) және ақылы қызмет көрсету – 0,4% (0,5%) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында өткен айда көбінесе жұмыртқа - 5,4%, май және тоң майлар – 3,0%, жеміс және көкөніс – 2,5%, сүт өнімдері – 1,6%, қант – 1,5% қымбаттады.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында қатты отынның бағасы 3,3%, сұйытылған газ және дизель отыны – 1,3%, киім және аяқ киім – 0,6% өсті.

Ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету қызметі үшін ақы төлеу 0,6%, оның ішінде ыстық су - 1,1%, канализация – 0,8% қымбаттады. Денсаулық және көлік қызметі тиісінше 0,5% және 0,2% қымбаттады.

2010 жылғы қаңтар-қарашаның қорытындылары бойынша инфляция 7,1% деңгейінде қалыптасты (2009 жылғы қаңтар-қараша үшін – 5,6%) (1-график).

**1-график**

**2009 және 2010 жылдардағы қаңтар-қарашадағы инфляция және оның құрамдас бөліктері**



2010 жылғы қарашаның қорытындылары бойынша инфляция жылдық көрсетуде 7,7% (2009 жылғы желтоқсанда – 6,2%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 9,1% (3,0%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 5,5% (8,6%), ақылы қызмет көрсету – 7,8% (8,4%) өсті.

**2. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары**

2010 жылғы қарашада негізінен еуроның және басқа валюталардың АҚШ долларына бағамының төмендеуі есебінен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері

27,3 млрд. АҚШ долл. дейін 4,1% төмендеді (жыл басынан бастап – 21,0% өсті). Сонымен қатар банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарының төмендеуі орын алды, сондай-ақ Ұлттық қордың активтерін толықтыру жөніндегі операциялар жүргізілді. Нәтижесінде, таза валюта қорлары (ЕАВ) 2010 жылғы қарашада 4,9% төмендеді, алтындағы активтер 2,9% өсті.

2010 жылғы қарашада тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (30,2 млрд. АҚШ долл.) қоса алғанда 0,6% төмендеді және 58,0 млрд. АҚШ долл. (жыл басынан бері – 22,3% өсті) болды.

Ақша базасы 2010 жылғы қарашада Ұлттық Банктің таза сыртқы активтерінің және таза ішкі активтерінің төмендеуі есебінен 13,5% тарылды және 2372,6 млрд. теңге (жыл басынан бастап – тарылуы 3,2%) болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 2023,4 млрд. теңгеге дейін 12,6% тарылды.

2010 жылғы қазанда ақша массасы 3,0%, 8660,0 млрд. теңгеге дейін өсті, бұл банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің, сол сияқты таза ішкі активтерінің ұлғаюына себепші болды.

2010 жылғы қазанда айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 0,9% өсті және 1096,0 млрд. теңге болды, банк жүйесіндегі депозиттер 7564,0 млрд. теңгеге дейін 3,3% ұлғайды. Айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің өсу қарқындарымен салыстырғанда депозиттердің өсуінің басым қарқындары ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесінің 2010 жылғы қыркүйектегі 87,1%-дан 2010 жылғы қазанның қорытындылары бойынша 87,3% дейін ұлғаюына себепші болды.

Ақша массасының өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасының барынша жоғары кеңею қарқыны салдарынан ақша мультипликаторы 2010 жылғы қыркүйектегі 3,32-ден 2010 жылғы қазанда 3,16-ға дейін төмендеді.

### **3. Валюта нарығы**

2010 жылғы қарашада теңгенің АҚШ долларына бағамы 1 АҚШ доллары үшін 147,28-147,69 теңге диапазонында өзгерді. 2010 жылғы қарашада теңге өзгерген жоқ және айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 147,58 теңге болды.

Қазақстан Қор биржасындағы биржалық операциялар көлемі қосымша саудасаттықтағы мәмілелерді ескере отырып 2010 жылғы қазанмен салыстырғанда 27,4% өсіп, 5,7 млрд. АҚШ долл. болды.

Биржадан тыс валюта нарығында операциялар көлемі 24,9% төмендеп, 3,4 млрд. АҚШ долл. құрады.

### **4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы**

2010 жылғы қарашада Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 3 аукцион болды. Оларға 12 айлық МЕККАМ (9,8 млрд. теңге), 15 жылдық МЕУКАМ (13,4 млрд. теңге), 16 жылдық МЕУЖКАМ (5,5 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік 12 айлық МЕККАМ бойынша 1,86%, 15 жылдық МЕУКАМ бойынша 5,60%, 16 жылдық МЕУЖКАМ бойынша инфляция деңгейінен 0,01% жоғары болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2010 жылғы қазанмен салыстырғанда 0,8 %-ға ұлғайып, 2010 жылғы қарашаның аяғында 1693,4 млрд. теңге болды.

**Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары.** Ұлттық Банк ноталарының эмиссия көлемі 2010 жылғы қазанмен салыстырғанда 2010 жылғы қарашада 24,7% ұлғайып, 276,4 млрд. теңге болды.

Қысқа мерзімді ноталардың кірістілігі 2010 жылғы қазандағы 1,27%-дан 2010 жылғы қарашада 1,42%-ға дейін ұлғайды.

Айналыстағы ноталардың көлемі 2010 жылғы қазанмен салыстырғанда 2010 жылғы қарашаның аяғында 2,3% қысқарып, 928,7 млрд. теңге болды.

## **5. Банкаралық ақша нарығы**

2010 жылғы қарашада орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2010 жылғы қазанмен салыстырғанда 8,7% азайды және баламасы 2676,0 млрд. теңге болды.

Орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің көлемі 3,6% ұлғайып, 1063,0 млрд. теңгені құрады (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 39,7%-ы). Бұл ретте орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2010 жылғы қазандағы 0,62%-дан 2010 жылғы қарашаның қорытындысы бойынша 0,63%-ға дейін өсті.

Ұлттық Банктің банктерден тартқан депозиттерінің көлемі 2010 жылғы қазанмен салыстырғанда 2010 жылғы қарашада 1160,5 млрд. теңгеге дейін 14,7% өсті.

2010 жылғы қазанмен салыстырғанда 2010 жылғы қарашада доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 14,0% төмендеп, 9,7 млрд. АҚШ долл. құрады (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 53,2%-ы). Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2010 жылғы қазандағы 0,20%-дан 2010 жылғы қарашаның қорытындысы бойынша 0,19%-ға дейін төмендеді.

2010 жылғы қарашада еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 0,8 млрд. еуроны құрай отырып, 28,2% төмендеді (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 6,1%-ы). Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы өзгеріссіз – 0,62% болды.

Рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі аз ғана мөлшерде қалып отыр – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 0,9%-ы.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 2010 жылғы қазандағы 65,0%-дан 2010 жылғы қарашаның қорытындысы бойынша 60,3%-ға дейін азайды. Резидент емес банктерде орналастырылған шетел валютасындағы депозиттердің үлесі тиісінше 64,9%-дан 60,2%-ға дейін азайды.

## **6. Депозит нарығы**

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің жалпы көлемі 2010 жылғы қазанда 3,3%-ға ұлғайып, 7564,0 млрд. теңге болды (жыл басынан бастап 15,1%). Заңды тұлғалардың депозиттері 5438,8 млрд. теңгеге дейін 3,7% (жыл басынан бастап 16,2%), жеке тұлғалардың салымдары 2125,2 млрд. теңгеге дейін 2,1% (жыл басынан бастап 12,2%-ға) өсті.

2010 жылғы қазанда шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 2724,2 млрд. теңгеге дейін 3,6% (жыл басынан бастап – 5,2%) өсті, ұлттық валютадағы депозиттер 4839,8 млрд. теңгеге дейін 3,1% (жыл басынан бастап – 30,8%) ұлғайды. Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2010 жылғы қазанда 2010 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 64,1%-дан 64,0%-ға дейін шамалы төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қоса алғанда) банктердегі салымдары 2010 жылғы қазанда 2179,2 млрд. теңгеге дейін 2,0% ұлғайды (жыл басынан бастап 12,5%). Халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 1157,8 млрд. теңгеге дейін 3,0% (жыл басынан бастап – 37,7), шетел валютасындағы депозиттер 1021,3 млрд. теңгеге дейін 1,0% ұлғайды (жыл басынан бастап 6,8% төмендеді). Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 52,6%-дан 53,1%-ға дейін көтерілді.

2010 жылғы қазанда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2,4% (2010 жылғы қыркүйекте – 2,5%), ал жеке тұлғалардың салымдары бойынша 9,7% (9,6%) құрады.

## **7. Кредит нарығы**

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2010 жылғы қазанда 7493,0 млрд. теңгені құрай отырып, өзгерген жоқ (0,0%) (жыл басынан бастап 2,0% төмендеді).

Ұлттық валютадағы кредиттер көлемі 4202,4 млрд. теңгеге дейін 1,2% көтерілді (жыл басынан бастап 6,5%), шетел валютасындағы кредиттер көлемі 3290,6 млрд. теңгеге дейін 1,5% төмендеді (жыл басынан бастап 11,1%). Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2010 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2010 жылғы қазанда 55,4%-дан 56,1%-ға дейін өсті.

Ұзақ мерзімді кредиттеу 2010 жылғы қазанда 6343,4 млрд. теңгеге дейін 0,3% көтерілді, қысқа мерзімді кредиттеу 1149,7 млрд. теңгеге дейін 1,7% төмендеді. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2010 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2010 жылғы қазанда 84,4%-дан 84,7%-ға дейін көтерілді.

Заңды тұлғаларға кредиттер 2010 жылғы қазанда 5367,6 млрд. теңгені құрай отырып, өзгерген жоқ (0,0%) (жыл басынан бастап 0,9% төмендеді), жеке тұлғаларға кредиттер 2125,4 млрд. теңгеге дейін 0,1% көтерілді (жыл басынан бастап 4,5% төмендеді). Жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы 2010 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2010 жылғы қазанда 28,3%-дан 28,4%-ға дейін көтерілді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2010 жылғы қазанда 1732,4 млрд. теңгеге дейін 0,8% төмендеді (жыл басынан бастап 1,4%-ға өсті), бұл экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 23,1% құрайды (2010 жылғы қыркүйекте – 23,3%).

Банктердің экономикаға кредиттердің неғұрлым айтарлықтай сомасы салалар бойынша алғанда экономиканың сауда – 23,9% (2010 жылғы қыркүйекте - 23,6%), құрылыс – 18,5% (18,8%), өнеркәсіп – 9,9% (10,0%), ауыл шаруашылығы – 3,6% (3,7%) салаларына тиесілі болды.

2010 жылғы қазанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 12,5% (2010 жылғы қыркүйекте - 13,5%), жеке тұлғалар бойынша – 19,7% (19,8%) құрады.

## **8. Қазақстан төлем жүйелерінің жұмыс істеуі**

Ондаған жылдар бойы жүргізілген жұмыстардың қорытындылары бойынша Қазақстан аумағында екі ұлттық төлем жүйесі табысты жұмыс істеп, дамуда: Банкаралық ақша аударымдары жүйесі (БААЖ) және Банкаралық клиринг жүйесі. Бұл ретте халықаралық қаржы ұйымдарының сарапшылары (Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік Банк) ақша төлемдері мен аударымдарының уақтылы жүргізілуін қамтамасыз ететін Қазақстанның төлем жүйелерінің жоғары тиімділігі мен сенімділігін бірнеше рет атап өтті. Халықаралық валюта қоры кеңесшілерінің бағалауы бойынша Қазақстанның төлем жүйелері Халықаралық Есеп айырысу банкі жүйелік маңызды төлем жүйелері үшін белгілеген барлық 10 Басты қағидатқа (төлем жүйелерінің саласындағы халықаралық стандарттар) толығымен сәйкес келеді.

2010 жылы Ұлттық Банк Қазақстанның төлем жүйелерінің операциялық сенімділігін және өндірістік тиімділігін арттыру мақсатында ұлттық төлем жүйелерінің техникалық инфрақұрылымын түрлендіру және оларды жаңа бағдарламалық-техникалық платформаға көшіру жөніндегі жұмысты жүргізді. Жүргізілген жұмыстардың қорытындылары бойынша 2010 жылғы 7 маусымда олар төлем жүйелерінің жаңа нұсқаларына көшірілді. Төлем жүйелерінің негізгі және резервтік орталықтары серверлерінің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін кластерлік бағдарламалық қамтамасыз ету теңшеліп, тәжірибелік пайдалануға енгізілді.

Интеграциялық үдерістерді дамыту және Еуропалық Одақ стандарттарына жақындатуды қамтамасыз ету мақсатында 2010 жылғы 7 маусымда тиісінше ISO 13616:


IBAN (International Bank Account Number – банк шотының халықаралық нөмірі) және ISO 9362: BIC (Bank Identifier Codes – банктік сәйкестендіру кодтары) банк шоттары нөмірлерінің және банктік сәйкестендіру кодтарының халықаралық стандарттары енгізілді. Қаржылық қоғамдастықта кеңінен пайдаланылатын банк деректемелерінің стандарттарын қолдану Қазақстанның төлем жүйелерінде банктерді және олардың клиенттерін сәйкестендіру жүйесін жетілдіруге, ішкі және халықаралық төлемдерді өңдеуді жылдамдатуға, STP (Straight through processing – төлемді тізбекті өңдеу) қағидатын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Осылайша, Қазақстанның қолданылып жүрген төлем жүйелері барлық халықаралық стандарттарға сәйкес келеді, жоғары қауіпсіздік деңгейімен және айтарлықтай өткізу қабілетімен сипатталады.

Қазақстан экономикасының біртіндеп өсуі жағдайларында жыл сайын еліміздің төлем жүйелерінде төлемдер саны мен көлемінің өсуі байқалады. Тұтастай алғанда, 2010 жылғы 11 айда төлем жүйелері арқылы жүргізілген төлемдер көлемі 169,4 трлн. теңге (1 149,9 млрд. АҚШ долл.) сомаға 27,0 млн. транзакция болды. 2009 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда төлем жүйелеріндегі төлемдер саны 15,8%-ға (3,7 млн. транзакцияға) ұлғайды, төлемдер сомасы 18,7%-ға (26,7 трлн. теңгеге) өсті.

## 2-график

### Қазақстанның төлем жүйелеріндегі төлемдер ағындарының динамикасы



Бұл ретте әрбір төлем жүйесінің өз мақсаты бар және белгілі бір тауарлар және қызмет көрсету нарықтарына бағдарланған. Қаржы секторының операциялары бойынша елдегі неғұрлым ірі, басымдығы жоғары және мерзімді төлемдер елдің жүйелік-маңызды төлем жүйесі БААЖ арқылы жүргізіледі. Осыған байланысты, осы жүйе арқылы елдегі қолма-қол ақшамен жасалмайтын төлемдердің жалпы сомасының 98,3% және олардың жалпы санының 38,6% жүргізілді.

2010 жылдың 11 айында БААЖ арқылы барлығы 166,5 трлн. теңге (1 130,1 млрд. АҚШ долл.) сомаға 10,4 млн. транзакция жүзеге асырылды. 2009 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда төлемдер саны 15,9% ұлғайды, төлемдер сомасы 18,7% өсті. БААЖ-да бір төлем құжатының орташа сомасы 16,0 млн. теңгені құрап, 2009 жылдың 11 айымен салыстырғанда 2,4% ұлғайды.

Банкаралық клиринг жүйесінде төлемдердің есебі күніне бір рет нетто (таза) негізде жүзеге асырылады, бұл ретте төлемдерді өңдеу тарифтері БААЖ-ға қарағанда айтарлықтай төмен. Сондықтан осы жүйе арқылы төлем сомасы 5 млн. теңгеге дейін болатын бөлшек төлемдер жүргізіледі. Осы жүйеге 2010 жылғы қаңтар-қарашада елдегі төлемдердің жалпы санының негізгі үлесі 61,4% және жалпы сомасының 1,7% тиесілі болды.

Тұтастай алғанда, 2010 жылдың 11 айында Банкаралық клиринг жүйесіндегі төлемдер ағыны 2 917,1 млрд. теңге (19,8 млрд. АҚШ долл.) сомаға 16,6 млн. құжатты құрады. 2009 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда клиринг жүйесіндегі құжаттардың саны 15,7% ұлғайды, төлемдер сомасы 19,8% өсті. Банкаралық клиринг жүйесінде бір төлем құжатының орташа сомасы 175,9 мың теңгені құрап, 2009 жылдың 11 айымен салыстырғанда 3,5% ұлғайды.

## **9. Мигранттардың ақша аударымдары**

Өз елінен тыс жерлерде бір жылдан артық жұмыс істейтін, яғни қабылдайтын елдің резиденттері болып табылатын еңбек мигранттарының ақша аударымдары (жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары) бойынша мәліметтер төлем балансының деректері үшін төлемдер мақсатының бірыңғай жіктеуі үшін қолдану шеңберіндегі банк статистикасының негізінде қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің корреспонденттік шоттары арқылы жүзеге асырылған ақша аударымдары бойынша ақпаратты көрсетеді.

Көрсетілген статистикалық деректердің елде бір жылдан артық жұмыс істейтін еңбек мигранттарының жалақысын аударудан ғана тұрмайтынын атап өткен жөн. Банк статистикасының деректеріне сәйкес жұмыс істейтіндердің Қазақстаннан ақша аударымдарын жеке резидент тұлғалар жеке резидент емес тұлғалардың атына жібереді, ал Қазақстанға аударымдарды жеке резидент емес тұлғалар жеке резидент тұлғалардың атына жібереді, бұл ретте көрсетілген аударымдарды жөнелтушілер өтеусіз аударымдар ретінде жіктейді. Көрсетілген ақша қаражатын жөнелтушілердің азаматтығы туралы мәліметтер банк есептілігінде жоқ.

Мәселен, 2009 жыл үшін банк статистикасында (3-кесте) жұмыс істейтіндердің Қазақстаннан банктердің корреспонденттік шоттары арқылы жіберген ақша аударымдары 1 704,3 млн. АҚШ долл. құрады, бұл ретте ТМД елдеріне 279,4 млн. АҚШ долл. жіберілген. Алдын ала деректер бойынша 2010 жылдың 9 айында жұмыс істейтіндердің Қазақстаннан жіберген ақша аударымдары 1 164,9 млн. АҚШ долл. құрады, ТМД елдеріне 205,2 млн. АҚШ долл. жіберілген.

Бұл ретте ақша қаражатының негізгі көлемі ТМД елдері бойынша Ресейге (2009 жылы ТМД елдеріне жіберілген аударымдардың жалпы көлемінің 90,9% және 2010 жылғы 9 айда 91,6%) жіберіледі. Басқа елдер бойынша (ТМД елдерін қоспағанда) Қытайға жіберілетін ақша аударымдары басым (2009 жылы жұмыс істейтіндердің Қазақстаннан жіберетін аударымдарының жалпы көлемінің 28,6% және 2010 жылғы 9 айда 34,2%).

Жұмыс істейтіндердің банктердің корреспонденттік шоттары арқылы Қазақстанға келіп түскен ақша аударымдары 2009 жылы 56,0 млн. АҚШ долл. құрады, олардың 23,3 млн. АҚШ долл. ТМД елдерінен алынған. Алдын ала деректерге сәйкес 2010 жылы 9 айда жұмыс істейтіндердің Қазақстанға ақша аударымдарының көлемі 48,0 млн. долл. АҚШ құрады, оның 17,1 млн. АҚШ долл. ТМД елдерінен келіп түскен.

Сондай-ақ ТМД елдерінен алынған ақша аударымдарының басым үлесі де Ресейге (2009 жылы 74,5% және 2010 жылғы 9 айда – ТМД елдерінен аударымдардың жалпы көлемінен 68,7%) тиесілі. Қалған елдер бойынша жұмыс істейтіндердің ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ-тан (2009 жылы – 12,6% және 2010 жылғы 9 айда – Қазақстанға жұмыс істейтіндердің аударымдарының жалпы көлемінен 15,6%) және Германиядан (тиісінше 12,7% және 13,2%) келіп түседі.

**Банктердің корреспонденттік шоттары арқылы өткізілген жеке тұлғалардың  
(жұмыс істейтіндердің) ақша аударымдары**

млн. АҚШ долл.

Елдер	2007 жыл		2008 жыл		2009 жыл		2010 жылғы 9 ай <sup>1</sup>	
	Қазақстанға аударымдар	Қазақстаннан аударымдар	Қазақстанға аударымдар	Қазақстаннан аударымдар	Қазақстанға аударымдар	Қазақстаннан аударымдар	Қазақстанға аударымдар	Қазақстаннан аударымдар
<b>ТМД елдері</b>	<b>35,61</b>	<b>616,08</b>	<b>51,25</b>	<b>352,10</b>	<b>23,25</b>	<b>279,38</b>	<b>17,10</b>	<b>205,20</b>
Армения	0,11	4,94	0,08	4,24	0,12	3,22	0,33	1,94
Әзірбайжан	0,36	14,53	0,94	11,07	0,31	5,81	0,45	3,45
Беларусь	0,11	2,51	0,37	1,46	0,19	1,17	0,08	1,03
Қырғызстан	1,44	6,71	3,58	4,76	0,93	4,53	0,74	3,02
Молдова	0,03	1,23	0,04	0,26	0,03	0,2	0,13	0,13
Ресей	26,90	559,47	28,77	311,11	17,32	253,84	11,74	187,98
Тәжікстан	4,85	0,8	14,24	1,07	2,95	0,34	2,57	0,43
Түркіменстан	0,01	0,17	0,04	0,17	0,05	0,07	0,06	0,05
Украина	0,15	18,88	1,14	12,82	0,44	8,7	0,34	6,62
Өзбекстан	1,38	2,78	1,56	2,22	0,91	1,5	0,66	0,55
<b>Қалған елдер</b>	<b>96,25</b>	<b>2381,83</b>	<b>68,90</b>	<b>1 652,11</b>	<b>32,75</b>	<b>1 424,96</b>	<b>30,89</b>	<b>959,71</b>
АҚШ	9,74	400,33	8,72	270,55	7,06	170,95	7,48	96,64
Ұлыбритания	1,81	19,67	2,32	13,40	2,62	19,65	2,38	15,35
Германия	4,84	374,76	5,93	160,23	7,12	109,8	6,35	76,05
Қытай	1,44	513,54	1,10	531,08	0,46	487,44	0,42	398,67
Франция	0,66	6,62	0,30	4,35	1,09	2,47	0,22	2,26
Корея	2,21	11,74	4,64	10,45	1,32	9,75	1,03	8,85
Жапония	0,14	18,97	0,32	6,06	0,13	3,82	0,20	2,93
Түркия	3,18	274,88	5,18	286,05	2,41	256,01	1,14	160,25
Басқалары	72,23	761,91	40,40	369,93	10,54	365,07	11,68	198,70
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>131,86</b>	<b>2997,91</b>	<b>120,15</b>	<b>2 004,21</b>	<b>55,98</b>	<b>1 704,33</b>	<b>47,99</b>	<b>1 164,91</b>

Сонымен бірге, банктер және «Қазпочта» АҚ сондай-ақ банк шотын ашпай халықаралық ақша аударымдарының жүйесі арқылы жүзеге асырылған ақша аударымдары бойынша деректерді ұсынады.

Көрсетілген статистикалық деректерге резиденттер мен резидент еместердің Western Union, MoneyGram, Contact және басқалары (SWIFT қоспағанда) сияқты халықаралық ақша аударымдарының жүйесі арқылы жүзеге асырылған аударымдары кіреді<sup>2</sup>.

Осы статистика бойынша (4-кесте) банк шотын ашпай халықаралық ақша аударымдарының жүйесі арқылы 2009 жылы Қазақстаннан 1 207,8 млн. АҚШ долл. сомасына аударымдар жіберілді, оның ішінде ТМД елдеріне жіберілген аударымдар 737,6 млн. АҚШ долл. құрады. 2010 жылғы 9 айда көрсетілген аударымдар 841,9 млн. АҚШ долл. құрады, ТМД елдеріне 521,7 млн. АҚШ долл. жіберілді.

Бұл ретте халықаралық ақша аударымдарының жүйесі арқылы ТМД елдеріне жіберілген ақшаның негізгі көлемі сондай-ақ Ресейге (ТМД елдеріне ақша аударымдарының жалпы көлемінің 2009 жылы 47,3% және 2010 жылғы 9 айда 45,8%) және Өзбекстанға (тиісінше 25,6% және 27,2%) тиесілі. Қалған елдер бойынша ақша

<sup>1</sup> 2010 жылғы 9 айдың алдын ала деректері бойынша

<sup>2</sup> SWIFT жүйесін қоспағанда, себебі осы жүйе бойынша аударымдар банктердің корреспонденттік шоттары арқылы жүргізіледі.

қаражатының негізгі ағыны Қытайға жіберілді (халықаралық ақша аударымдарының жүйесі арқылы Қазақстаннан ақша аударымының жалпы көлемінің 2009 жылы 14,0% және 2010 жылғы 9 айда 27,8%).

Халықаралық ақша аударымдарының жүйесі арқылы Қазақстанға 2009 жылы 519,2 млн. АҚШ долл. түсті, оның ішінде 346,7 млн. АҚШ долл. ТМД елдерінен аударымдар. 2010 жылғы 9 айда Қазақстанға аударымдардың көлемі 368,8 млн. АҚШ долл. құрыды, оның ішінде 290,2 млн. АҚШ долл. ТМД елдерінен түсті.

Халықаралық ақша аударымдарының жүйесі арқылы Қазақстанға ТМД елдерінен аударылған ақшаның негізгі көлемі Ресейге (ТМД елдерінен ақша аударымдарының жалпы көлемінің 2009 жылы 79,0% және 2010 жылғы 9 айда 67,3%) тиесілі. Қалған елдер бойынша неғұрлым үлкен үлес Германиядан (Халықаралық ақша аударымдарының жүйесі арқылы Қазақстанға түскен ақша аударымдарының жалпы көлемінің 2009 жылы 7,4% және 2010 жылғы 9 айда 3,6%), АҚШ-тан (тиісінше 3,3% және 1,8%), Түркиядан (2,9% және 2,8%) және Қытайдан (2,1% және 2,5% алынған ақша аударымдарына тиесілі.

2-кесте

**Банк шотын ашпай халықаралық ақша аударымдарының жүйесі арқылы жүзеге асырылған ақша аударымдары**

млн. АҚШ долл.<sup>3</sup>

Елдер	2009 жыл		2010 жылғы 9 ай	
	Қазақстанға аударымдар	Қазақстаннан аударымдар	Қазақстанға аударымдар	Қазақстаннан аударымдар
<b>ТМД елдері</b>	<b>346,65</b>	<b>737,57</b>	<b>290,20</b>	<b>521,66</b>
Армения	0,99	17,30	0,81	12,05
Әзірбайжан	4,02	34,44	3,31	23,67
Беларусь	1,57	5,63	1,18	3,67
Қырғызстан	7,01	61,64	6,29	63,20
Молдова	3,13	5,80	0,36	1,73
Ресей	273,83	348,85	195,25	238,96
Тәжікстан	6,83	21,38	4,11	14,50
Түркіменстан	3,01	3,03	1,70	2,60
Украина	9,85	50,81	48,31	19,31
Өзбекстан	36,42	188,69	28,86	141,97
<b>Қалған елдер</b>	<b>172,52</b>	<b>470,28</b>	<b>78,56</b>	<b>320,26</b>
АҚШ	16,93	17,05	6,66	4,67
Ұлыбритания	4,07	4,01	2,11	2,81
Германия	38,33	17,88	13,45	7,28
Қытай	10,93	168,55	9,35	234,25
Франция	10,74	1,07	1,09	0,59
Корея	11,09	1,34	1,01	0,79
Жапония	0,02	0,03	0,02	0,004
Түркия	15,11	26,17	10,20	15,73
Біріккен Араб Әмірліктері	6,68	8,47	3,95	7,36
Швейцария	0,95	0,40	0,22	9,22
Литва	1,13	4,69	0,45	1,15
Гонконг	0,87	1,53	0,78	9,14
Басқалары	55,68	219,08	29,28	27,27
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>519,18</b>	<b>1 207,85</b>	<b>368,76</b>	<b>841,92</b>

<sup>3</sup> 2010 жылғы және 2010 жылғы 9 айдағы теңгенің АҚШ долларына орташа алынған бағамы бойынша



Бұл ретте банктердің корреспонденттік шоттары және халықаралық ақша аударымдары жүйесі арқылы жүзеге асырылған ақша аударымдары бойынша жан-жақты статистикалық ақпаратты жинау мақсатында Ұлттық Банк 2011 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енгізілетін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер жөнінде мәліметтер беру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қолма-қол жасалмайтын төлемдер мен ақша аударымдары тәсілдері бойынша төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және ұсыну мәселелері бойынша кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы» 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 78 қаулысын бекітті.

Осы қаулыға сәйкес банктер және «Қазпочта» АҚ Ұлттық Банкке ақша аударымдары жүйесі және банктердің корреспонденттік шоттары арқылы шет елдерге жіберілген және шет елдерден алынған ақша аударымдары бойынша мәліметтерді резиденттік, экономика секторларының кодтары, ақша жіберушінің және бенефициардың елдерінің кодтары (оның ішінде, банктің көрсетілген деректерді анықтау мүмкіндігі болған кезде ақша жіберушінің немесе бенефициардың азаматтығы немесе тіркелген елі бойынша), жұмыс істейтіндердің (мигранттардың) ақша аударымдары туралы неғұрлым нақты мәлімет алуға мүмкіндік беретін валюталар кодтары және төлем мақсатының кодтары, бөлігінде Ұлттық Банкке жібереді.

Бұл ретте Дүниежүзілік банктің «Миграция және ақша аударымдары: 2011 жыл үшін статистикалық анықтамалық» жаңа жарияланымына сәйкес, дамушы елдерге ақша аударымдарының жақында болған әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында сыртқы қаржыландырудың тұрақты көзі болып қалып отырғандығын және болжамдар бойынша осы жылдың аяғына қарай ресми тіркелген ақша ағындарының 325 млрд. АҚШ долл. жеткенін, яғни 2009 жылғы көрсеткіштен асқанын (307 млрд. АҚШ долл.) атап айту қажет. осы жылдың аяғына қарай әлемнің барлық елдері бойынша ақша аударымдарының жиынтық көлемі 440 млрд. АҚШ долл. жетеді. 2009 жылы ақша аударымдарын жіберу көлемдері бойынша жетекші орынды АҚШ, Сауд Арабиясы, Швейцария, Ресей және Германия иеленді. 2010 жылы ақша аударымдарын алушы елдердің ішінде бірінші орындарды Индия, ҚХР, Мексика, Филиппин, Франция иеленді. 2011 және 2012 жылдары Дүниежүзілік банктің болжамдарына сәйкес дамушы елдерге жіберілетін ақша аударымдарының көлемі өсу үстінде және екі жылдан соң, 370 млрд. АҚШ долл. асып түсуі ықтимал.